

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жыл сайынғы сыртқы аудитін жүргізу үшін тәуелсіз аудиторды таңдау жөніндегі конкурстық комиссияны құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 15 қараша N 1212

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының кейбір мәселелері туралы" 2001 жылғы 29 қаңтардағы N 543 Жарлығына, "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жыл сайынғы сыртқы аудитін жүргізу үшін тәуелсіз аудиторды таңдау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 26 шілдедегі N 1011 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес мүшелерінің ұсыныстарын ескере отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жыл сайынғы сыртқы аудитін жүргізу үшін тәуелсіз аудиторды таңдау жөніндегі конкурсты өткізу үшін мынадай құрамда комиссия құрылсын:

Павлов Александр Сергеевич - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары, төраға

Өтембаев Ержан Әбілқайырұлы - Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының орынбасары, төрағаның орынбасары (келісім бойынша)

комиссия мүшелері:

Кәкімжанов Зейнолла Халидоллаұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі

Рахметов Нұрлан Құсайынұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі

Сәтқалиева Валентина Адамовна - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің төрайымы

Есімханов Сағындық Өлмесекұлы - депутат, Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты Экономика, қаржы және бюджет жөніндегі комитетінің мүшесі

(келісім бойынша)

Қосмамбетов Төлебек Қосмамбетұлы - депутат, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі Қаржы және бюджет жөніндегі комитетінің мүшесі

(келісім бойынша)

Зейнелғабдин - Республикалық бюджеттің атқарылуын
Алтай Болтайханұлы бақылау жөніндегі есеп комитеті
аппаратының жетекшісі (келісім бойынша)

Әлжанов - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Батырбек Асылбекұлы Монетарлық операциялар департаментінің
директоры (келісім бойынша).

2. Конкурстық комиссия заңнамада белгіленген тәртіппен 2002 жылғы 31 желтоқсанға дейін Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының 2002 жылы жыл сайынғы сыртқы аудитін жүргізу үшін тәуелсіз аудиторды таңдау жөніндегі конкурсты өткізсін және оның нәтижелері бойынша конкурстың жеңімпазын анықтасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі